



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

БЕКІТЕМІН:

**С.Аманжолов атындағы
ШҚМУ ректоры**

_____ **М. Төлеген**
« ____ » _____ **2020 ж.**

**Шығыс Қазақстан облысы (республикалық қатысуымен)
мектептерінің 10-11 сынып оқушылары үшін
«Педагог-психолог миссиясы»
интеллектуалды-шығармашылық олимпиадасын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Өскемен, 2020

1. Жалпы ереже

1. Осы ереже Шығыс Қазақстан облысы және Қазақстанның басқа да өңірлерінің 10-11 сынып оқушылары үшін «Педагог-психолог миссиясы» интеллектуалды-шығармашылық олимпиадасының мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуін, өткізу және қаржыландыру, қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін анықтайды.

2. Ұйымдастырушы С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті (бұдан әрі ШҚМУ) КЕАҚ болып табылады.

3. Мақсаты – дарынды оқушыларды анықтау, дамыту және қолдау, оқушылардың ғылыми қызметке қызығушылықтарын дамыту.

4. «Педагог-психолог миссиясы» іс-шарасының негізгі міндеттері:

– оқушылардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуын, ойлау дербестігін, оқудағы зерттеу ұстанымының айқындығын, мақсатқа жетудегі табандылықты анықтау;

– оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықтарын арттыру;

– өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру мотивациясын қолдау және нығайту, оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін іс-жүзінде қолдану үшін жағдай жасау;

– өңірден әлеуетті талапкерлердің кетуінің алдын алу мақсатында оқушыларды Шығыс Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірі – ШҚМУ-мен таныстыру.

Өткізудің жұмыс тілдері қазақ және орыс тілдері болып табылады.

2. Интеллектуалды-шығармашылық олимпиаданың ұйымдастыру комитеті

5. Ұйымдастыру мен өткізу үшін ұйымдастырушы комитет құрылады.

Ұйымдастыру комитеті:

– «Педагог-психолог миссиясы» интеллектуалды-шығармашылық олимпиадасын дайындау мен өкізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;

– қатысу үшін қажетті материалдар мен өтінімдерді қабылдайды;

– қазылар алқасының құрамын қалыптастырады және бекітеді;

– тапсырмалардың мазмұнын және оны өткізу түрін анықтайды;

– талдайды және қорытындылайды;

– БАҚ-та дайындық, өткізу және нәтижелерді жариялауды қамтамасыз етеді.

Ұйымдастыру комитетінің заңды мекенжайы: Өскемен қаласы 30-Гвардиялық дивизиясы, 34, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ №1 оқу ғимараты 244 каб.

3. Интеллектуалды-шығармашылық олимпиадаға қатысушылар

6. Қатысушылар Шығыс Қазақстан облысы және Қазақстанның басқа өңірлерінің 10-11 сынып оқушылары болып табылады.

4. Интеллектуалды-шығармашылық олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

7. Интеллектуалды-шығармашылық олимпиадаға әр мектептен 2-ден артық емес оқушы қатыса алады.

8. Қатысуға өтінім (*Қосымша 1*) және сырттай турдың конкурс материалдары (эссе) мұғалімнің электронды мекенінен missia2020@mail.ru электрондық мекенге **2020 жылдың 24 сәуіріне дейін** жіберіледі.

9. **Бірінші кезең** (сырттай). 10-11 сынып оқушылары үшін «Балаға мейірімді мектеп» эссе сайысы. Кезең қорытындысын қазылар алқасы **2020 жылдың 28 сәуіріне дейін** шығарады. Жеңімпаздар мен мұғалімдер грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталады. Қазылар алқасы жұмысының қорытындысы бойынша 2019-2020 оқу жылының түлектерінен екінші кезең жеңімпаздары және ШҚМУ ректорының грантына үміткерлер іріктеледі. Екінші кезеңге өткен конкурсантты дайындауды жүзеге асырған жетекшінің электронды мекенжайына шақыру жіберіледі.

10. **Екінші кезең** (қашықтықтан). Іріктеуден өткен қатысушылар үшін онлайн-тур **2020 жылы 29 сәуірде сағат 12.00-де өтеді**. Қатысушыларға zoom.us платформасына бейнеконференцияға сілтеме жіберіледі.

Екінші кезеңді (қашықтықтан) өткізу кестесі:

Уақыты	Іс-шара	Орны / платформа	Қатысушылар
29 сәуір 11.45 – 12.00	Күндізгі турға қатысушыларды тіркеу	whatsapp +7 777 735 09 66 (Айнур Куатпековна)	ШҚМУ координаторы; конкурстық іріктеуден өткен және шақырту алған қатысушылар
29 сәуір 12.00	Жобаны қорғау (ұзақтығы 5-6 минут)	zoom.us	Төраға және қазылар алқасының мүшелері, ШҚМУ координаторы Іріктеуден өткен және ректор грантына үміткер 10-11 сынып оқушылары
29 сәуір 13.00 -13.40	Тестілеу (40 минут)	vkgu.kz	Іріктеуден өткен және ректор грантына үміткер 10-11 сынып оқушылары
30 сәуір	Қорытындыны шығару және оларды ШҚМУ ресми сайтына жариялау (30.04.2020 жаңалықтар)	vkgu.kz	

5. Интеллектуалды-шығармашылық олимпиаданы өткізу шарттары

11. **Сырттай кезең.** 24 сәуірге дейін ұйымдастыру комитеті мекенжайына қатысу үшін өтінім (*Қосымша 1*) және «Балаға мейірімді мектеп» тақырыбына эссе конкурс материалдарын жіберу қажет.

Эссе келесі құрылымда болу керек:

1. Кіріспе – нақты тақырыпқа байланысты бастапқы идея (мәселе).
2. Мазмұны (негізгі бөлім) – негізгі тезисті дәлелді баяндау

«Педагог-психолог миссиясы» интеллектуалды-шығармашылық олимпиадасын өткізу туралы Ереже Шығыс Қазақстан облысы (республикалық қатысуымен)

- тезис – дәлелдеуді қажет ететін пікір;
- аргументтер – тезистің шынайылығын дәлелдеу кезінде пайдаланылатын санаттарға сүйенетін пікірлер;
- қорытынды – автор келтірген дәлелдерден қисынды түрде туындайтын пікір.

3. Қорытынды - бұл автор пікірлердің нәтижесінде келген тақырып бойынша қорытынды.

Конкурстық эссені рәсімдеу келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

- жұмыс көлемі: 3 000-нан 5 000 белгіге дейін (бос орындарды ескере отырып);
- А4 форматты парақта, кітап бағдарында;
- кегль 14, қаріп түрі –Times New Roman, жол аралық интервал – 1,5;
- жиектері: сол жағы - 3 см, жоғары және төменгі жақтары –2 см, оң жағы – 1,5 см;
- тақырыбы: беттің ортасына.

Бағалау критерийлері:

- идеяның мазмұны мен бірегейлігі – 5 балл;
- пікірдің мағынасының ашылуы – 5 балл;
- білім алушының жеке ұстанымын түсіндіру және ұсыну – 5 балл;
- келтірілген пікірлер мен дәлелдердің сипаты мен деңгейі – 5 балл;
- талаптарды сақтау – 5 балл.

Максималды баға: 25 балл.

2020 жылы 28 сәуірге дейін сырттай кезеңнің қорытындысы шығарылады, жеңімпаздар қатарынан ректор грантына үміткерлерге шақырту жіберіледі.

2020 жылы 30 сәуірде сырттай кезеңнің қорытындысы бойынша 2020-2021 оқу жылында ректор грантына үміткер емес 10-11 сынып оқушылары грамоталармен және сертификаттармен марапатталады. Үздік эссе ЖОО сайтында және әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда жарияланады.

12. **Қашықтық кезеңі 2020 жылы 29 сәуірде** zoom.us. платформасында өтеді.

«Педагогика және психология әлемі» ғылыми зерттеу жобасын қорғау.

Презентация Power point форматында қалыптасады және жұмыс үстелін демонстарциялау функциясы арқылы қазылар алқасына танысу үшін ұсынылады. Презентацияны көрсету оны қорғаумен сүйемелденеді. Слайдтар зерттеу тақырыбының мазмұнын көрсету керек:

Слайдтар саны: 8-10. Регламент: 5-6 минут.

Бағалау критерийлері:

- тақырыпты зерттеп қарастыру тереңдігі – 5 балл;
- материал мазмұнының жүйелілігі – 5 балл;
- ерекшелігі мен жаңашылдық деңгейі – 5 балл;
- мақсаттың, міндеттің, нәтиженің бірлігі – 5 балл;
- дәлелдеу деңгейі – 5 балл;

– орындау сапасы, презентациямен жұмыс істей білуі (слайдтар ақпараттармен шамадан тыс жүктелмеуі тиіс, негізгі идеяларды және тиісті визуалды безендіруді қамтуы тиіс) – 5 балл.

Максималды баға: 30 балл.

2) **Тестілеу** – <https://www.vkgu.kz/kk> сайтында қашықтықтан өткізіледі. Тестілеу пәндері: биология, география, оқу сауаттылығы – барлығы 30 сұрақ.

Максималды баға: 30 балл.

Максималды қорытынды баға: 85 балл.

6. Қорытындыны шығару және жеңімпаздарды марапаттау

13. Жеңімпаздар грамоталармен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар, ал мұғалімдерге алғыс хаттар беріледі.

14. Қазылар алқасы жеңімпазды ШҚМУ ректорының білім гранты иегері ретінде университеттің Ғылыми кеңесімен бекітуге ұсынады, егер ол шарттар орындалса, бірінші жыл көлемінде ақысыз білім алуға құқық береді:

- 1) ҰБТ өту балы;
- 2) оқуға түсу үшін ЖОО тізімінде бірінші кезекте ШҚМУ-ды көрсету;
- 3) ұсынылған тізімнен (қосымша 2) мамандық таңдау.

Қосымша 1

**ШҚО және Қазақстанның басқа өңірлерінің жалпы білім беретін мекемелерінің 10-11 сынып оқушыларының
«Педагог-психолог миссиясы» іс-шарасына қатысуға өтінімі
(бір білім беру ұйымынан 2-ден артық емес)**

№	Қатысушыны тегі, аты	Білім беру ұйымы	Сынып	Оқу тілі	Жетекшінің Т.А.Ж., қызметі	Жетекшінің мобильді телефон номері және электронды почтасы	Қатысушының мобильді телефон номері және электронды почтасы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.							
2.							
3.							

**ШҚО және Қазақстанның басқа өңірлерінің 10-11 сынып оқушылары үшін
«Педагог-психолог миссиясы» интеллектуалдық конкурсы аясында
ректордың гранты берілетін ШҚМУ мамандықтары**

- 6B01101 «Педагогика және психология»,
- 6B01201 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»,
- 6B01301 «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»,
- 6B01801 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»,
- 6B01901 «Дефектология»,
- 6B03101 «Психология».